**"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 тамыз N 947

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексіне) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы K010209_ Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 10-баптың 1-тармағында:

2) тармақшада:

"немесе сенімгерлік басқаруға" деген сөздер "қаржы лизингінің мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес сыйақы түрінде" деген сөздерге ауыстырылсын;

"депозиттер" деген сөзден кейін "(салымдар)" деген сөзбен толықтырылсын;

20) тармақшада "кәсіпкер" деген сөзден кейін ", жеке нотариус, адвокат" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 12-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:
"6) трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жағдайларда мәмілелер бойынша бағаларды қолдану дұрыстығы мәселесі жөнінде ақпарат пен құжаттарды ұсыну.".

3. 15-баптың 3-тармағында "Салық органдарына" деген сөздерден кейін " аймақаралық салық комитеттері," деген сөздермен толықтырылсын.

4. 16-баптың 1-тармағы:
мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:
"10-1) салық тексерулеріне басқа да мемлекеттік органдардың мамандарын тарту;";
мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:
"12) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің K941000_ 49-бабының 2-тармағындағы 4) тармақшада көзделген негіздер бойынша заңды тұлғаны тарату туралы сотқа талап-арыз беру;".

5. 21-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:
"4. Жергілікті атқарушы органдар біржолғы талондарды беруді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.".

6. 31-баптың 2-тармағының 1) тармақшасында "есептеген" деген сөзден кейін "жер салығы бойынша ағымдағы төлем сомасынан басқа," деген сөздермен толықтырылсын.

7. 32-баптың 2-тармағындағы "сомалары туралы" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ салық заңдарын бұзушылықтарды жою туралы" деген сөздермен толықтырылсын.

8. 40-баптың 3-тармағында "1,5" деген сан "2" деген санға ауыстырылсын.

9. 42-баптың 1-тармағында "шешімді" деген сөзден кейін "осы Кодекстің 249-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

10. 46-бапта:
1) 3-тармақта "1,5" деген сан "2" деген санға ауыстырылсын;
2) 5-тармақта:

"шешім қабылданғанда" деген сөздерден кейін ", не оңалту рәсімдерін қолдану туралы анықтау қабылданғанда" деген сөздермен толықтырылсын;
"осындай шешім" деген сөздерден кейін "немесе анықтау" деген сөздермен толықтырылсын.

11. 49-бапта "салық төлеушіге мерзімінде орындалмаған салық

міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолданғаннан кейін," деген сөздер алынып тасталсын.

12. 68-бапта:

1) 1-тармақта "салық төлеуші" деген сөздерден кейін ", салық агенті" деген сөздермен толықтырылсын.

2) 2-тармақта:

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"резидент емес жеке тұлғаның жеке табыс салығының болжанған сомасы туралы өтініш;";

алтыншы абзацта "келісімдер" деген сөз "халықаралық шарттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"шот-фактуралар тізілімі;";

3) 3-тармақта "декларациясы, есеп-қисабы" деген сөздер "есептілігі" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 4-тармақта:

"декларациясы мен есеп-қисабында" деген сөздер "есептілігінде" деген сөзбен ауыстырылсын;

"оларға" деген сөз "оған" деген сөзге ауыстырылсын.

13. 69-баптың 3-тармағында:

"Салық есептілігіне" деген сөздердің алдынан "Қағаз тасығыштағы" деген сөздермен толықтырылсын;

"басшы мен бас бухгалтердің" деген сөздер "салық төлеушінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және заңды тұлғаның электронды мөрімен" деген сөздер алынып тасталсын.

14. 89-баптың 2-тармағында:

"сақтанушы" деген сөз "сақтандырушы өзі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"салық органдарын" деген сөздерден кейін "сақтанушы салық төлеушінің атауы және тіркелу нөмірін, сондай-ақ кіріс сомасын көрсете отырып есепті салық кезеңінен кейінгі айдың ішінде" деген сөздермен толықтырылсын.

15. 94-бапта:

1) 1-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

2) 2-тармақтың 1) тармақшасында:

", сондай-ақ сенімгерлік басқаруға алынған мүлік үшін" деген сөздер алынып тасталсын;

"1,5" деген сан "2" санға ауыстырылсын;

3) 3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы және Лондон банкаралық рыногының ставкасы қолданылатын ұзақ мерзімді сипаттағы (бір жылдан астам) шарттар бойынша жыл сайын шарт жасаған күннен бастап қайта қаралып отырады.".

16. 96-баптың 4-тармағы алынып тасталсын.

17. 110-бапта:

1) 1-тармақтың IX тобы "Басқа топтарға енгізілмеген тіркелген активтер" мынадай мазмұндағы 7 кіші топпен толықтырылсын:

"7 Басқалары 7".

2) 2-тармақта "Салық төлеуші" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының аумағында" деген сөздермен толықтырылсын.

18. 118-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Кодекстің 115-бабының 2-тармағында көрсетілген кірістер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары аванстық төлем сомаларының есеп-қисабын осы Кодекстің 126-бабында белгіленген тәртіппен ұсынады.".

19. 121-баптың 1-тармағында "ұйымдарға қызметінің айрықша түрі болып табылатын" деген сөздер "ұйымдарға жылдық жиынтық табысының 90 процентінен кем емес, қызметтің мынадай түрлерінен алуға (алынуға) тиісті кірістер құрайтын ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. 126-баптың 6-тармағында "күні ішінде" деген сөздерден кейін ", бірақ есептік салық кезеңінің 20 сәуірінен кешіктірмей" деген сөздермен толықтырылсын.

21. 128-баптың 3, 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салық төлеушілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өзінің құрылымдық бөлімшелері үшін корпорациялық табыс салығын тиісті бюджеттерге төлеуді жүзеге асырады.

4. Құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілер аванстық төлемдер мен корпоративтік табыс салығы сомасының есеп-қисабын аванстық төлемдер мен корпоративтік табыс салығы бойынша декларация сомалары есеп-қисабын тапсыратын бір мезгілде өзінің тіркелген жері бойынша салық органына заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі бойынша салық кезеңінің қорытындысы бойынша уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіп пен нысанда табыс етуге міндетті.

5. Құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілер құрылымдық бөлімшелер үшін төленуге тиісті аванстық төлемдер мен корпоративтік табыс салығының салық кезеңінің қорытындысы бойынша сомасы жөнінде салық төлеушінің тіркелген орны бойынша салық органы расталған уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тәртіп пен нысанда есеп-қисапты осы баптың 4-тармағында көрсетілген есеп-қисапты беру үшін белгіленген мерзім күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде табыс ету жолымен тиісті

салық органын хабардар етуге міндетті.".

22. 131-бапта:

1) 1-тармақта:

"Төлем" деген сөздің алдынан "Егер осы баппен өзгеше көзделмесе, " деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшада:

"резидент-банктерге" деген сөздің алдынан "борыштық бағалы қағаздар бойынша төленетін сыйақыны қоспағанда, " деген сөздермен толықтырылсын;

"қорларына," деген сөзден кейін "және" деген сөзбен толықтырылсын;

"жинақтаушы зейнетақы қорларына" және "және борыштық бағалы қағаздар бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

6) тармақшада "эмитент" деген сөздің алдынан "резидент банктерге төленетін сыйақыны қоспағанда, " деген сөздермен толықтырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Төлем көзінен ұсталынуға жатпайды:

1) мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар;

2) орналастырылған зейнетақы активтері бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына төленетін инвестициялық табыстар.".

23. 144-баптың 1-тармағында:

1) 6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) әскери міндеттерін орындауына байланысты алған арнайы атақ белгіленген тәртіппен берілген ішкі істер органдарының және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің қызметкерлеріне әскери қызметі міндеттерін орындаған кезде әскери қызметшілерге берілетін төлемдердің барлық түрі;";

2) 15) тармақшада "біржолғы" деген сөз алынып тасталсын;

3) 30) тармақшада "жеке тұлға" деген сөздің алдынан "олардың қызметін жүзеге асыру мақсаттарында жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокаттан алған мүлікті қоспағанда, " деген сөздермен толықтырылсын.

24. 147-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, салық агенттері өзінің тұрған жері бойынша есептіден кейінгі айдың 5 күніне дейін есепті ай үшін салық төлеуді жүзеге асырады";

2) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Салық агенттері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте тиісті бюджеттерге құрылымдық бөлімшелер бойынша салық төлеуді жүзеге асырады."
.

25. 151-баптың 3) тармақшасында "мүліктік" деген сөз алынып тасталсын.

26. 154-бапта:

"заңды тұлғалармен және жеке кәсіпкерлермен" деген сөздер "салық агенттерімен"

деген сөздермен ауыстырылсын;

", сондай-ақ" деген сөзден кейін "қызметіне байланысты кірісі бойынша жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға және адвокаттарға олардың қызметінде пайдаланылатын мүліктер бойынша төлемдерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

27. 161-баптың 1 тармағының үшінші абзацы алынып тасталсын.

28. 164-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мынадай резидент жеке тұлғалар жеке табыс салығын аванстық төлемдерді енгізу арқылы төлейді:

1) арнайы салық режимін қолданатындарды қоспағандағы, жеке кәсіпкерлер;

2) резидент болып табылатын және төлем көзінен жеке табыс салығы салынбайтын, Қазақстан Республикасындағы жұмысынан табыс алатын шетел мемлекетінің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар

Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеу және төлеу, сондай-ақ салық есептерін беру салық жылы ішінде осы Кодекстің 126-127-баптарына сәйкес жүргізіледі.".

29. 171-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес декларация беру жөнінде міндеттеме жүктелетін адамдар;".

30. 172-баптың 1-тармағы "Жеке табыс салығы бойынша" деген сөздердің алдында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайлардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын.

31. 178-баптың 2) тармақшасында "агенттік," деген сөз алынып тасталсын.

32. 183-бапта:

1) 1-тармақ "облигацияларды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 2-тармақта "табыс алынған кезден бастап он жұмыс күні ішінде" деген сөздер " осы Кодекстің 127-бабының 4-тармағымен белгіленген мерзімде" деген сөздерге ауыстырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес салық салуға жатпайтын табыстарды қоспағанда, бағалы қағаздарды сатудан түскен табыстарды резидент емеске төлейтін тұлға табыс төленген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде төлем сомасы туралы эмитенттің тіркелу орны бойынша салық органын хабардар етуге міндетті.".

33. 189-баптың 3-тармағында "белгіленген" деген сөзден кейін "тәртіппен және" деген сөздермен толықтырылсын.

34. 190-бапта:

1) 2-тармақ "облигацияларды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды" деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың 2-тармағына сәйкес салық салуға жатпайтын табыстарды қоспағанда, бағалы қағаздарды сатудан түскен табыстарды резидент емеске төлейтін тұлға табыс төленген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде төлем сомасы туралы эмитенттің тіркелу орны бойынша салық органын хабардар етуге міндетті.".

35. 191-бапта:

1) мынадай мазмұндағы 1-1)-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген резидент емес-жеке тұлғаларға жеке табыс салығын есептеу шегерімді жүзеге асырмастан есептелген табыс сомасына осы Кодекстің 145-бабының 1-тармағымен белгіленген ставкаларды қолдану арқылы жүргізіледі.";

2) 2-тармақта "осы Кодексте" деген сөздер "осы Кодекстің 126-127-баптарымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

36. 192-баптың 1-тармағында:

"отыз" деген сөз "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын.

"кешіктірмей" деген сөзден кейін "немесе күнтізбелік жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей" деген сөздермен толықтырылсын.

37. 196-бапта:

1) 2-тармақтың 2) тармақшасында:

үшінші абзацта:

"негізгі құралдар" деген сөздерден кейін "бастапқы (ағымдағы)" деген сөздермен толықтырылсын;

"негізгі құралдарының" деген сөздерден кейін "бастапқы (ағымдағы)" деген сөздермен толықтырылсын.

төртінші абзацта:

"еңбекақы қорының" деген сөздер "еңбекақы шығыстарының сомасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"еңбекақы қорының жалпы сомасына" деген сөздер "еңбекақы бойынша шығыстардың жалпы сомасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацында "қызметкерлердің еңбекақы қорының" деген сөздер "еңбекақы бойынша шығыстарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

38. 198-бапта:

1) 3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Кодекстің 181-бабына сәйкес айқындалатын төлем көзінен табыс салығын төлеу күніне шартты банктік салым туралы шарты болмаған жағдайда, салық агенті

төлем көзінен табыс салығын мемлекеттік бюджетке аударуға міндетті.";

2) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Салық агенті:

1) шартты банк салымы туралы шартқа қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде көшірмесі осы салық органына берілетін мұндай шартты өзінің тіркелу орны бойынша салық органында тіркеуге;

2) шартты банк салымына табыс салығы аударылған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде өзі тіркелген жері бойынша салық органына төлем құжатының көшірмесін беруге міндетті.";

3) 12-тармақтың бірінші бөлігінде:

"осы баптың 11-тармағында аталған құжаттарды салық органынан алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде" деген сөздер "инкассалық өкімді алған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей" деген сөздерге ауыстырылсын;

"сомасын" деген сөз "сомаларын" деген сөзбен ауыстырылсын;

"есептелген банк сыйақыларымен" деген сөздер "және есептелген банк сыйақыларымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Шартты банктік салымдар орналасқан банктер тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей салық агенттерінің тіркелген орны бойынша салық органдарына уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша есеп беруге міндетті.".

39. 199-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Резидент еместің тұрақты мекемесіне байланысы жоқ Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік құралдарын пайдаланудан түскен кірісті резидент емеске төлеу сәтінде салық агенті, егер мұндай резидент емес табысты түпкілікті алатын болып табылса және халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы болса, резиденттігін растайтын құжат болған кезде халықаралық шарттың тиісті ережелерін қолдануға құқылы.

Салық агенті салық органына берілетін төлем көзінен салынатын табыс салығы бойынша есепте халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес төленген (есептелген) табыс және ұсталған (ұстаудан босатылған) салық сомасын, табыс салығының ставкасын және халықаралық шарттардың атауын көрсетуге міндетті.

Мемлекеттік бюджетке салықты төлемеу немесе толық төлемеуге соқтырған халықаралық шарттардың ережелерін заңсыз қолдану кезінде салық агенті Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді.

40. 203-бапта:

бірінші абзацта "Мемлекеттік" деген сөз "1. Осы Кодекстің 198-бабын қолданған жағдайда, мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшаның төртінші абзацы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:
"2. Осы Кодекстің 202-бабын қолданған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша халықаралық шарттың ережелерін қолдануға өтініш осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында белгіленген талаптарды орындау кезінде, сондай-ақ көрсетілген өтінішті беру кезінде

салық органы:

жұмыстарды (қызмет көрсетуді) орындауға немесе өзге де мақсаттарда келісім-шарттардың (шарттардың, келісімдердің) көшірмелері;

жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындау кезінде резидент емес заңды тұлғалардың құрылтайшы құжаттарының көшірмелерін қабылдайды.".

41. 207-баптың 1-тармағы "салығын төлеушілер" деген сөздерден кейін "мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, " деген сөздермен толықтырылсын.

42. 208-баптың 3-тармағында "10000" деген сан "12000" деген санмен ауыстырылсын.

43. 211-баптың 3-тармағында:

1) тармақшада "бірлігінің құны" деген сөздерден кейін "салық кезеңі үшін жалпы сомасы 100 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

бірінші сөйлемде:

"құрастыру" деген сөзден кейін "(монтаж, орнату)" деген сөздермен толықтырылсын;

"жөнелтуі" деген сөзден кейін "және (немесе) объектілерді салу" деген сөздермен толықтырылсын.

44. 215-баптың 2-тармағындағы 4) тармақшаның бесінші абзацындағы "көлік ұйымдарының" деген сөздер алынып тасталсын.

45. 216-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:
"2-1. Негізгі қаражат ретінде лизинг алушымен алынуына жататын қаржы лизингіне мүлікті беру кезінде сату бойынша айналымды жасау күні қаржы лизингінің шартына сәйкес, бірақ осы шарт бойынша лизинг алушы міндеттемесін орындау күнінен кешіктірмей лизингтік төлемді алу мерзімі келген күн болып табылады.".

46. 217-бап мынадай мазмұндағы 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:
"8. Негізгі қаражат ретінде лизинг алушымен алынуға жататын қаржы лизингіне мүлікті беру кезінде салық салынатын айналым мөлшері оған сыйақы мен қосылған құн салығы сомасын қоспастан, айналымды жасау күніне лизинг төлем мөлшері негізінде айқындалады.

9. Көлік экспедициясының шарты бойынша қызмет көрсету кезінде экспедитордағы салық салынатын айналымның мөлшері оның комиссиялық сыйақысы негізінде айқындалады.".

47. 222-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде "сыныпының" деген сөзден кейін ", олардан өңделген өнімдер және сляб" деген сөздермен толықтырылсын.

48. 224-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"224-бап. Халықаралық тасымалдарға салық салу

1. Нөлдік ставкасы бойынша салық салынатын халықаралық тасымалдар бойынша мынадай қызмет көрсетуді жүзеге асыру бойынша айналым:

1) тауарларды тасымалдау, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын пошталар;

2) транзит жүктерін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау;

3) халықаралық қатынастарда адамдар мен жолжүктерді тасымалдау;

2. Егер тасымалдауды ресімдеу бірыңғай халықаралық тасымалдау құжаттарымен, ал магистралды құбыр желісі жүйесі бойынша экспортталатын тауарларды тасымалдау - сатып алушыға не сатып алушыға дейін көрсетілген тауарларды одан кейінгі жеткізуді жүзеге асыратын басқа тұлғаларға экспортталатын тауарларды беруді растайтын құжаттармен жүзеге асырылған жағдайларда, осы баптың 1-тармағының мақсаты үшін тасымалдау, халықаралық деп саналады.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша экспортталатын тауарлар бірнеше көлік ұйымдарымен жүзеге асырылатын жағдайда, халықаралық тасымалдаудың басы ретінде Қазақстан Республикасының шекарасына дейін тасымалдауды жүзеге асыратын көлік ұйымының тауарларды (поштаны, жолжүкті, жолаушыларды) тасымалдауды бастау орны танылады.

Импортталатын тауарларды (поштаны, жолжүкті, жолаушыларды) тасымалдау бірнеше көлік ұйымдарымен жүзеге асырылатын жағдайда көлік ұйымының көлігі арқылы Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар (пошта, жолжүк, жолаушылар) әкелінген тасымалдаулар халықаралыққа жатады.".

49. 225-бапта:

1-тармақша "(коллекциялық маркалардан басқа)," деген сөздерден кейін ", таңбаланған хатқалталарын және тілекхаттарын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 12-1) және 12-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-1) "Қазақстан Республикасының кеден аумағында тауарларды өңдеу" кеден режимінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген тауарларды өңдеу және (немесе) жөндеу бойынша қызмет көрсету;

12-2) осы Кодекстің 224-бабына сәйкес халықаралық болып табылатын тасымалдаулармен байланысты жұмыстар мен қызмет көрсетулер, атап айтқанда: жүк тиеу, жүк түсіру, артық жүк тиеу, (ағызу-құю), тауарларды жабдықтау, оның ішінде

Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын пошталар бойынша жұмыстар, қызмет көрсетулер, сондай-ақ транзит жүктері; техникалық, аэронавигациялық, әуежай қызметін көрсетуді; халықаралық рейстерге қызмет көрсету бойынша теңіз портының қызмет көрсетуі;".

50. 234 баптың 1-тармағының 10) тармақшасы "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша" деген сөздермен толықтырылсын.

51. 235-бапта:

1) 1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жеткізуші Қазақстан Республикасының аумағына өткізілген тауарлардың ( жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) шот-фактурасын немесе осы баптың 2-тармағына сәйкес берілетін басқа да құжат қойылды. Егер жеткізуші осы Кодекстің 207-бабындағы 1-тармаққа сәйкес қосылған құн салығының төлеушісі болып табылмаса, осы баптың 3-тармағына сәйкес берілетін шот-фактура немесе басқа да құжат " ҚҚС-сыз" белгісімен жазылады;";

2) мынадай мазмұндағы 1-1-тармағымен толықтырылсын:

"1-1. Лизинг берушінің шығыстары, оның ішінде қаржы лизингіне беруге жататын мүлікті сатып алумен байланысты қосылған құн салығының сомасы салық салынатын айналымының мақсаты үшін шеккен шығыстар ретінде қарастырылады.";

3) 2-тармақта:

1) тармақша "осы тармақтың 1-1) және 1-2) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) оларда қосылған құн салығымен бөлінген қойылған шот-фактуралар бойынша жер қойнауын пайдаланушылар төлеуге жататын, бірақ осы Кодекстің 245-бабының 1-тармағымен белгіленген ставкадан аспайтын салық сомасы;

1-2) осы Кодекстің 242-бабының 5-1-тармағына сәйкес жазып берілген шот-фактуралар бойынша төлеуге жататын салық сомасы, бірақ осы Кодекстің 217-бабының 8-тармағына сәйкес айналымдарды жасау күніне айқындалатын лизинг берушінің салық салынатын айналым мөлшеріне келетін салық сомасынан астам емес;" ;

4) 4-тармақтың бірінші бөлігінде "Қосылған құн салығы" деген сөздер "Егер басқасы осы баптың 4-1-тармағымен көзделмесе, қосылған құн салығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 4-1-тармағымен толықтырылсын:

"4-1. Егер осы тармақта көрсетілген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді ) өткізу бойынша айналымды жасау күнінен кейін шот-фактураның көшірмесі жүзеге асырылса, қосылған құн салығы шот-фактураның көшірмесі күніне келетін салық кезеңінде есепке алуға жатады.

Осы тармақтың ережесі мынадай тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді)

жеткізушілер төлеуге жататын қосылған құн салығына қолданылады:

электр энергиясы, су, газ;

байланыс қызмет көрсетуі;

коммуналдық қызмет көрсетуі;

қосылған құн салығымен салық салынатын банктік операциялар.".

52. 237-баптың 1-тармағындағы 2) тармақша мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"негізгі құралдардың бүлінуі, жоғалуы жағдайында, негізгі құралдарының теңгерім құнына жататын құн бөлігінің есебінен қосымша құн салығы алынып тасталады;".

53. 242-бапта:

1) 3-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) тауарлардың түсірілгенін, жұмыстардың орындалғанын, қызметтің көрсетілгенін растайтын құжаттың нөмірі, күні және атауы.";

2) 4-тармақта "өткізу бойынша айналым жасалған күннен кешіктірілмей жазылады және" деген сөздер алынып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2 тармақтарымен толықтырылсын:

"5-1. Оларға беретін лизинг мәніне лизинг беруші жазып беретін шот-фактурада сыйақы және қосылған құн салығы сомасын оған енгізбестен қаржы лизингінің шартына сәйкес барлық лизинг төлемдерінің жалпы сомасынан ескере отырып көрсетіледі.

5-2. Жүкті жіберушілер немесе алушылар үшін жүктерді тасымалдауға шот-фактураның көшірмесі, егер көрсетілген тасымалдау көлік экспедициясы шартына сәйкес жүзеге асырылса, экспедитор арқылы жүзеге асырылады. Осындай шот-фактураларда салық салынатын айналымының мөлшері көлік экспедициясы шартының шеңберінде тасымалдаушылар және басқа да жеткізушілер орындаған және көрсеткен жұмыстар мен қызмет көрсетушілер құнының есебімен көрсетіледі.

Осы тармаққа сәйкес шот-фактуралардың көшірмесі уәкілетті мемлекеттік орган белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.".

54. 247-баптың 3-тармағындағы "оларда салық салынатын айналымы 150000 теңгеден асатын" деген сөздер алынып тасталсын.

55. 250-баптың 1-тармағында:

"Құрал-жабдықтардың, " деген сөзден кейін ", ауылшаруашылық техникасының" деген сөздермен толықтырылсын;

"өзінің өндірістік қажеттіліктері үшін әкелінетін қосалқы бөлшектердің" деген сөздер "қосалқы бөлшектерді өзінің өндірістік мұқтаждары үшін әкелу" деген сөздермен ауыстырылсын.

56. 251-баптың 2-тармағындағы 1) тармақшада:

"тұрақты" деген сөзден кейін "(жыл ішінде бір айда екі жеткізілімнен кем емес)" деген сөздермен толықтырылсын;

"салық салынатын тауарларды" деген сөздерден кейін ", өз өндірісінің тауарларын (жұмыстарын, қызмет көрсетулерін)" деген сөздермен толықтырылсын.

57. 252-баптың 4-тармағындағы 1) тармақша ", сондай-ақ электр және жылу энергиясын, суды, газды, байланыс қызметін жеткізушілерге" деген сөздермен толықтырылсын.

58. 261-баптың 3-тармағы "тіркеген кезде" деген сөзден кейін "жоспарланған (бірақ мәлімдеген түсімнен 50 проценттен артық емес)" деген сөздермен толықтырылсын.

59. 265-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Көтерме өткізу саласына одан әрі өткізу үшін құрылымдық бөлімшелерге бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынын тиеу де жатқызылады.".

60. 271-бапта:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, акцизделетін тауарларға акциз:

1) салық кезеңінің алғашқы он күні ішінде жасалған операциялар бойынша айдың он үшінші күнінен;

2) салық кезеңінің екінші он күні ішінде жасалған операциялар бойынша айдың жиырма үшінші күнінен;

3) салық кезеңінің қалған күндерінде жасалған операциялар бойынша есепті айдан кейінгі айдың үшінші күнінен кешіктірілмей бюджетке аударылуға тиіс.";

2) 4-тармақ алынып тасталсын.

61. 273-баптың 4-тармағында "- өзінің тіркелген жері бойынша салық органына және есептердің көшірмелерін" деген сөздер алынып тасталсын.

62. 315-баптың 1-тармағында:

"(бұдан әрі - салық төлеушілер)" деген сөздер алынып тасталсын;

1) тармақша ", шетелдік жеке тұлғалардың филиалдары және өкілдіктері" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "және кәсіпкерлер" деген сөздердің алдынан "қызметтің жекелеген түрлері үшін арнаулы салық режимінен басқа, арнаулы салық режимін қолданатындарды қоспағанда, " деген сөздермен толықтырылсын.

63. 317-баптың 3-тармағында:

"қоспағанда, " деген сөзден кейін "қызметтің жекелеген түрлері үшін арнаулы салық режимінен басқа, " деген сөздермен толықтырылсын;

"жеке нотариустар, адвокаттар" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жеке нотариустар, адвокаттар өзі үшін бес айлық есептік көрсеткіш және әрбір қызметкер үшін екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.".

64. 321-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Төлеушілер құрылымдық бөлімшелер үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте тиісті бюджеттерге әлеуметтік салық төлеуді жүзеге асырады.".

65. 322-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Құрылымдық бөлімшелері бар төлеушілер әлеуметтік салық бойынша декларацияны беру мерзімінен кешіктірмей өзінің тіркелген жері бойынша салық органдарына құрылымдық бөлімшелер бойынша әлеуметтік салық есебін тапсырады. Төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органы растаған құрылымдық бөлімшелер бойынша әлеуметтік салық есебінің тиісті қосымшалары есепті беру үшін белгіленген мерзім күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте салық органдарына беріледі.".

66. 340-бапта:

1) 4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Салық міндеттемелері туындаған және (немесе) кеміген кезде ағымдағы төлемдер мөлшері осы баптың 7-тармағына сәйкес берілген есеп айырысуларға сәйкес түзетіледі.";

2) 7-тармақтың бірінші бөлігінде:

"туындаған" деген сөзден кейін "және (немесе) кеміген" деген сөздермен толықтырылсын.

67. 347-бапта:

1) 1-тармақта:

"Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)" деген бағандағы "10,0" деген сан "12,0" деген санмен ауыстырылсын;

1-бағандағы бесінші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Двигатель қуаты 55 кВТ-тан кем емес мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, шағын көлемді кемелер - 1,0

Двигатель қуаты 55 кВТ-тан кем емес мотоциклдер - 10,0";

2) 3-тармақта:

бірінші абзац "Салық төлеудің" деген сөздердің алдынан "Егер осы тармақпен өзгеше белгіленбесе," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"жеке тұлғалар үшін пайдаланылу мерзімі 20 жылдан асқан ТМД елдері шығаратын жеңіл автомобильдер мен мотоциклдер бойынша түзету коэффициенті - 0.".

68. 348-баптың 4-тармағы алынып тасталсын.

69. 351-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында "(соның ішінде Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғалар)" деген сөздер алынып тасталсын.

70. 359-баптың 3-тармағында "айдан" деген сөз "тоқсаннан" деген сөзбен ауыстырылсын.

71. 369-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте, рыноктарда сату бойынша бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын тұлғаларға осы Кодекстің 370, 371, 379-баптары қолданылмайды.".

72. 370-баптың 4-тармағының екінші бөлігі "жеке кәсіпкердің" деген сөздерден кейін "мүлікті жалға беруден түскен табыстарды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

73. 374-баптың 1-тармағындағы 3) тармақшада "1,0" деген сан "1,5" деген санмен ауыстырылсын.

74. 377-бапта:

1) 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке кәсіпкердің табысына мынадай ставкаларда салық салынуға тиіс:

| Тоқсандық табысы | Ставкасы |
|---|---|
| 1500,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда | Табыс сомасының 3 проценті |
| 1500,0 мың теңгеден жоғары - 3000,0 мың теңгені қоса | 45,0 мың теңге + 1500,0 мың теңгеден асатын табыс сомасынан 5 процент |
| 3000,0 мың теңгеден жоғары | 120,0 мың теңге + 3000,0 мың теңгеден асатын табыс сомасынан 7 процент |

3. Заңды тұлғалардың табысына мынадай ставкалар бойынша салық салынуға тиіс:

| Тоқсандық табысы | Ставкасы |
|---|---|
| 3000,0 мың теңгеге дейін қоса | Табыс сомасының 5 проценті |

алғанда
3000,0 мың теңгеден жоғары - 150,0 мың теңге + 3000,0 мың
6000,0 мың теңгені қоса теңгеден асатын табыс сомасынан
7 процент
6000,0 мың теңгеден жоғары 360,0 мың теңге + 6000,0 мың
теңгеден асатын табыс сомасынан
9 процент
---------------------------------------------------------------------------

2) 4-тармақта "кемінде үш еселенген" деген сөздер "жеке кәсіпкерлердің кемінде 2 еселенген, заңды тұлғалардың кемінде 2,5 еселенген" деген сөздермен ауыстырылсын.

75. 379-баптың 1-тармағында:

"салықтардың" деген сөзден кейін "және басқа да міндетті төлемдердің" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша жер салығын және (немесе) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемді;".

76. 382-баптың 2-тармағындағы 2) тармақшада:

бірінші абзацта "куәландырған жер пайдалануға құқық беретін актінің (кейінгі жер пайдалану туралы шартты қоса алғанда, уақытша жер пайдалану шарттарының)" деген сөздер "растаған жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта "Жер пайдалану құқығына актісі" деген сөздер "жер учаскесіне құқық белгілейтін құжат" деген сөздермен ауыстырылсын.

77. 388-баптың 1-тармағында "жер салығы," деген сөздерден кейін "жер учаскесін пайдалану үшін төлем, " деген сөздермен толықтырылсын.

78. 428-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын қор биржасындағы саудада;

7) бағалы қағаздарды сату бойынша аукциондардан.".

79. 78-тарау және 432, 433, 434, 435, 436, 437-баптар алынып тасталсын.

80. 471-баптың 2-тармағындағы 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) орман иелері - тамырына жіберетін ағаштар үшін:

орманды күтіп-баптау кезінде ағашты кесуді, санитарлық кесуді

(іріктеп және жаппай), құндылығы шамалы орман ағаш екпелерін жаңғыртуға байланысты кесуді жүзеге асыру;

жол салу, өртке қарсы аралықтар жасау, тұзақтау ағаштарын отырғызу, көң-қоқысты тазалау, орманға қауіпті аурулар таратуға аралық буын болуы мүмкін қажетті шамалы ағаш-бұталар түрлерін кесу, орман құрылғысын жүргізу кезінде;".

81. 495-баптың 1-тармағында:

1) тармақшада:

"кассациялық" деген сөз "апелляциялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

"шағымдардан," деген сөзден кейін "орындау парағының көшірмесін беру туралы мәселе бойынша сот ұйғарымына жеке шағымдардан, сот бұйрығын шығару туралы арыздардан" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар апостиль қою үшін;

13) жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарының мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктерін, мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілерін бергені үшін.".

82. 496-баптың 1-тармағында:

"кассациялық" деген сөз "апелляциялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

"шағымдардан," деген сөзден кейін "сот бұйрығын шығару туралы, апелляциялық шағымдарға қосылу туралы арыздардан," деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшада "кассациялық" деген сөз "апелляциялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) сот бұйрығын шығару туралы арыздардан - талап-арыз жүргізу тәртібінде талап-арызбен сотқа жүгінген кезде дауға түскен соманы ескере отырып есептелген ставканың 50 проценті;".

83. 500-бапта:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар апостиль қою үшін - 20 процент;";

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:
"8) жүргізуші куәлігін бергені үшін - 125 процент;
көлік құралдарының мемлекеттік тіркелгені туралы куәлікті бергені үшін - 125 процент;
автомобильге мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгісін бергені үшін - 285 процент;
мотокөлікке, автомобильге тіркемеге мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілерін бергені үшін - 140 процент;
көлік құралын айдап апарғаны үшін мемлекеттік тіркеудің нөмірлік (транзиттік) белгілерін бергені үшін - 35 процент.".
84. 501-бапта:
6) және 10) тармақшаларда "кассациялық" деген сөз "апелляциялық" деген сөзбен ауыстырылсын;
14) тармақшаның он бесінші абзацында:
"кассациялық шағым" деген сөздер "шағым" деген сөзбен ауыстырылсын.
85. 507-бапта:
1) 2-тармақта:
1) тармақшада:

"кассациялық шағым" деген сөздер "апелляциялық шағым, сот бұйрығын енгізу туралы өтініш" деген сөздермен ауыстырылсын;
2) тармақшада "уәкілетті органдардан нотариаттық маркаларды сатып алған" деген сөздер "жасалған нотариалдық іс-әрекетті тіркеген" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:
"6-1) жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарының мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктерін, мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілерін бергені үшін - тиісті құжаттарды және мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілерін бергенге дейін;";
мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:
"11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен нотариустарынан шығатын ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар апостиль қою үшін - апостиль қойғанға дейін.";
2) мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:
"3. Мемлекеттік баж соған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңды мәні бар іс-қимылдар жасаған және (немесе) құжаттарды берген орны бойынша аударылады.".
86. 521-баптың 1-тармағындағы 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"3) Қазақстан Республикасындағы болатын орны бойынша - осы Кодекстің 191-бабының 1-тармағында көрсетілген резидент емес жеке тұлғалар;".

87. 524-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"7. Резидент заңды тұлға, оның құрылымдық бөлімшесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға өтініш берген кезде есепке қою туралы өтінішпен бір мезгілде тіркеу туралы куәліктің, есепті тіркеу туралы куәліктің, статистикалық есеп карточкасының, құрылтай құжаттарының белгіленген тәртіппен расталған көшірмесінің бір данасын тапсырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмай қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға өтініш берген кезде есепке қою туралы өтінішпен бір мезгілде:

1) белгіленген тәртіпте расталған инкорпорация туралы сертификат немесе резидент емес заңды тұлға тіркелген орган, тіркелген нөмірі, тіркеу күні және орны туралы ақпараты бар, ұқсас сипаттағы басқа құжат;

2) құрылтайшы құжаттар көшірмесінің бір данасын тапсырады.

Осы Кодекстің 521-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген резидент емес тұлға өтініш берген кезде есепке қою туралы өтінішпен бір мезгілде:

1) жылжымайтын мүлікті, көлік құралын Қазақстан Республикасының тиісті органында тіркелгенін (тізілімге енгізу) растайтын, белгіленген тәртіпте расталған құжаттардың;

2) Осы Кодекспен көзделген салық салу объектілеріне қатысты (меншік құқығы, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару) құқығын растайтын құжаттардың;

3) сауда тізілімінің көшірмесі немесе инкорпорация туралы сертификат немесе резидент емес заңды тұлға тіркелген орган, тіркелген нөмірі, тіркеу күні және орны туралы ақпараты бар, ұқсас сипаттағы басқа құжаттың;

4) құрылтайшы құжаттар көшірмесінің бір данасын тапсырады.

Резидент заңды тұлға, оның құрылымдық бөлімшесі, сондай-ақ резидент емес заңды тұлға тапсыратын құжаттардың тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Тіркеу есебіне қойған кезде салық төлеуші жеке тұлғалар туралы мәліметтердің құрамына олардың мынадай дербес деректері:

1) тегі, аты және әкесінің аты;

2) туған күні мен жері;

3) тұрғылықты мекен-жайы (резидент емес жеке тұлғалардың болған орны);

4) кәмелетке толмағандар үшін туу туралы куәліктің, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары берген жеке куәліктің, Қазақстан Республикасының резидент еместері үшін төлқұжаттың сериясы мен нөмірі кіреді.".

88. 525-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:
"1-1. Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілгеннен басқа, резидент емес салық төлеушіні Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімінен

шығарып тастау Қазақстан Республикасынан кеткен және ондай резидент еместің Қазақстан Республикасында салық міндеттемесін орындаған кезде жүзеге асырылады.

Осы Кодекстің 521-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген резидент емес - салық төлеушіні Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімінен шығарып тастау осы Кодексте көзделген салық салу объектілеріне қатысты құқығы (меншік құқығы, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) тоқтаған жағдайда және Қазақстан Республикасындағы салық міндеттемесін орындағанда жүзеге асырылады.".

89. 526-бап мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша Кодекстің 198-бабында көзделген есепті салық агенттері тіркелген орын бойынша салық органдарына беруге.".

90. 527-бапта:

1) 1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Кодекстің 191-бабының 1-тармағында көрсетілген резидент емес жеке тұлғалар болатын жері бойынша";

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Қазақстан Республикасында салық салу объектілеріне ие резидент еместер - салық салу объектілерінің орналасқан жері және (немесе) тіркеу орны бойынша.";

2) 2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын" деген сөздер "осы Кодекстің 191-бабының 1-тармағында көрсетілген" деген сөздермен ауыстырылсын.

91. 531-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында "өндіру мен" деген сөздерден кейін "(немесе) көтерме" деген сөздермен толықтырылсын.

92. 533-бапта:

1) 4-тармақтың 2) тармақшасы "орындалуын" деген сөзден кейін ", банктер мен жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың осы Кодексте белгіленген міндеттемелерді орындауын, сондай-ақ трансферттік бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселесі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5-тармақтың 3) тармақшасында "лицензияның," деген сөзден кейін "бір жолғы талонның" деген сөздермен толықтырылсын.

93. 534-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында "бойынша" деген сөзден кейін ", сондай-ақ жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың осы Кодексте белгіленген міндеттемелерді орындауын және трансферттік бағалар қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау мәселесі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын.

94. 535-бапта:

1) мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1.1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, трансферттік бағалар қолдану кезінде

мемлекеттік бақылау мәселесі бойынша тексеру жүргізу мерзімі нұсқама тапсырылған кезден бастап жүз сексен жұмыс күнінен аспауы тиіс.";

2) 4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Салық тексеруін жүргізу мерзімі ішінде халықаралық келісімдерге сәйкес шетелдік мемлекеттерге салық қызметі органдарының ақпарат беру және ол бойынша мәліметтер алу туралы сұрау салу сәттерінің арасындағы уақыт кезеңінде де тоқтатыла тұрады.".

95. 536-бапта:

1) 1-тармақтың 6) тармақшасында "адамдардың" деген сөзден кейін ", сондай-ақ осы Кодекске сәйкес тексеру жүргізуге тартылған өзге де тұлғалардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-тармақта "түрі" деген сөзден кейін ", банктер мен жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың осы Кодексте белгіленген міндеттемелерді орындауын және трансферттік бағалар қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау мәселесі" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 5-тармақта "тіркелген күні" деген сөздерден кейін "осы Кодекске сәйкес тексеру жүргізуге тартылатын тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты" деген сөздермен толықтырылсын.

96. 546-бапта:

1) 1-тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацында "Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігі" деген сөздер "тиісті уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-тармақта "осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген тәртіппен тауар чектерін" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша тауар чегін" деген сөздерге ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК